

• ҚОЛДАУ

ЕЛІМІЗДЕ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУҒА, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ТҮРЛІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТАР АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗ КӘСІБІН БАС-ТАУЫНА НЕМЕСЕ БАР БИЗНЕСІН ДАМУҒА ҮЛКЕН МҮМКІНДІК БЕРІП ОТЫР. БҮЛ БАСТАМА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТЫП, ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУЫНА ЖОЛ АШУДА.



ЖАҢА КӘСІПТІҢ БАСТАУЫ

Жақында өткен аудандық деңгейдегі арнайы комиссияның кезекті отырысында қайтарымсыз грантка үміткер болған 24 адам комиссия мүшелері алдында өздерінің бизнес-жоспарын қорғап, алдағы атқаратын ісін нақтылап көрсетті. Отырысқа қатысқан 23 үміткер жоспарларын тікелей қорғап берсе, бір азамат қашықтан онлайн форматта қатысып, өз ойын ортаға салды.

Комиссия мүшелері әрбір жобаны жан-жақты талқылап, олардың өміршеңдігіне, әлеуметтік маңызына, болашағына ерекше назар аударды. Өсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қолөнер, қызмет көрсету салаларына қатысты жобалар қоғамға қажеттілігімен

ерекшеленді. Қатысушылардың дайындық деңгейі, іскерлік қабілеті де ескеріліп, әділ шешім қабылдау үшін барынша ашық талқылау жүргізілді.

Нәтижесінде комиссия шешімі бойынша 24 үміткердің ішінен 16 азаматтың бизнес-жоспары жеңімпаз деп танылды. Бұл олардың алдағы уақытта өз кәсібін бастауына нақты жол ашып, мемлекет тарапынан берілетін қаржылай қолдауды тиімді пайдалануына мүмкіндік бермек. Жеңімпаз атанған әрбір азамат қаражатты мақсатты жұмсап, аудан экономикасына өз үлесін қосуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға міндетті болады.

Ал жобасы қолдау таппаған

азаматтар үшін де бұл тәжірибе үлкен сабақ болып саналады. Комиссия мүшелері олардың ұсыныстарын жетілдіруге қатысты кеңестер беріп, келесі жолы өз мүмкіндіктерін қайта сынауға болатынын атап өтті. Осылайша қайтарымсыз грантка қатысу әрбір тұрғын үшін кәсіпкерліктің алғашқы қадамын жасап көруге жол ашып отыр.

Бұл жолы жеңімпаз атанған 16 жоба өз тиімділігін көрсетіп, халықтың игілігіне қызмет етеді деп күтілуде. Алдағы уақытта мұндай қолдаулар жалғаса берсе, ауданымызда шағын және орта бизнес қарқынды дамып, тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсара түсері сөзсіз.

Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

• АДАМ.ҚОҒАМ.ЗАҢ.

БАСТЫ МАҚСАТ – ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтау – құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Өсіресе, пробация қызметінің жұмысы сотталған азаматтардың қайта қылмыс жасамауына жол бермеу, оларды қоғамға бейімдеу ісінде үлкен маңызға ие. Осы бағытта ауданымызда кешенді жұмыстар атқарылып келеді.

Маңғыстау облысы бойынша қылмыстық-атқару департаментінің Маңғыстау аудандық пробация қызметкерлері прокуратура және учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, есепте тұрған сотталған азаматтарды тексеру жұмыстарын жүргізді.

Пробация қызметінің негізгі міндеті – сотталғандарды бақылау арқылы олардың тәртіпті сақтауына ықпал ету, құқық бұзушылықтың алдын алып, қайта қылмысқа бармауын қадағалау. Осы жолғы тексеріс те дәл осы мақсатты көзделі.

Тексеру барысында азаматтардың тұрғылықты жеріне барып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қылмыстың алдын алуда заң талаптарын қатаң сақтау қажеттілігі ескертілді. Шара кезінде бір құқық бұзушылық анықталды. Алаяқтық жасағаны үшін үш жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталған азамат үйінде болмай шыққан. Оның жазасының жартысын өтегені белгілі. Бұл – алғашқы тәртіп бұзушылығы болғандықтан, оған ресми ескерту жасалып, жаза өтеу тәртібін бұзудың құқықтық салдары егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Айта кетейік, жыл басында аудандық пробация қызметінде 31 азамат есепте тұрса, қазіргі уақытта



олардың саны 19-ға азайды. Өткен жылдың басында 35 тұлға бақылауда болған еді, ал қыркүйек айының көрсеткіші бойынша 24 адам тіркеуде тұрған.

Мамандардың айтуынша, осындай бірлескен тексерістер алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыстың жолын кесу, қоғамдық тәртіпті нығайту және сотталған азаматтардың қоғамға қайта бейімделуіне ықпал ету болып табылады.

Б.ДӘУІРБАЕВ,
аудандық пробация қызметі бөлімінің
бастығы әділет капитаны.

МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Г.А. Ауданбаева 2025 жылы 12 мамырда қайтыс болған **ИБРАЕВА ҚАРЛЫҒАШ САЛХАДИНОВНАНЫҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1-үй, 4-пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды. Тел: 8 702 303 90 80.

Нотариус Г.А. Ауданбаева 2025 жылы 15 наурызда қайтыс болған **ЧАДЫКУЛОВА ТУРМЕНІНІҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1-үй, 4-пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды. Тел: 8 702 303 90 80.

Нотариус Г.А. Ауданбаева 2025 жылы 10 сәуірде қайтыс болған **ЖЫЛКЫБАЕВ ТЫНЫШКАЛИ ЖЕ-ТЫБАЕВИЧТИҢ** мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық ш/а №1-үй, 4-пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды. Тел: 8 702 303 90 80.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңына сәйкес қауіпсіздік талаптарын бұзған және техникалық қызмет көрсету шарты жасалмаған тұтынушыларды газ желісінен ажырату жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлайды.

№400

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шағала-Сервис» ЖШС Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы өндірістік және тұрмыстық қалдықтарын қайта өңдеу учаскесіне 2026-2035 жылдарға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша құрамында: шығарындылар нормативтерінің жобасы; қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде 2025 жылдың 23 қазанында сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылы мәдениет үйінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Zoom бағдарламасы арқылы өтетін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyajZkaHhZbE1uK0o1YWxHUT09&omn=75364174274>. Конференция идентификаторы: 334 657 4462, кіру коды: 5n7w67

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Шағала-Сервис» ЖШС, БСН 100340000784, Ақтау қ., 25 мкр., БЦ «Жасмин», тел.: (87292) 332623

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: ЖК Мурзағалиев А.М., адрес: Орал қ, Жана Орда ш/а, 9-үй, 26; эл. пошта: Irinalug@yandex.ru; телефон: 87057488200.

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz/> және <http://www.gov.kz> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шара туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін Irinalug@yandex.ru. электронды поштасына және телефонға хабарласыңыз: +7 705 748 8200

Ескертулер мен ұсыныстар <http://ndbecology.gov.kz> сайтында қоғамдық тыңдау өтетін күнге 3 жұмыс күні қалғанша қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласының құзіретті мекеменің электрондық поштасы: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Шағала Сервис» проводит общественные слушания 23 октября 2025 года в 15:00 в форме открытого собрания по материалам для получения Экологического Разрешения на воздействие на 2026-2035 гг. в составе: Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий.

Место проведения слушаний: Мангистауская область, Мангистауский район, в доме культуры села Сайотес.

Также будет организована видеоконференция на платформе Zoom. Ссылка для подключения: <https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyajZkaHhZbE1uK0o1YWxHUT09&omn=75364174274>. Идентификатор конференции: 334 657 4462, код доступа: 5n7w67

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Шағала-Сервис» БИН 100340000784, г.Ақтау, 25 мкр, БЦ «Жасмин», тел.: (87292) 332623

Реквизиты и контактные данные разработчика: ИП Мурзағалиев А.М., , адрес: г. Уральск, мкрн. Жана Орда, д. 9 - 26, эл. почта: Irinalug@yandex.ru; телефон: 87057488200.

С документами можно ознакомиться на сайте: <http://ndbecology.gov.kz> и <http://www.gov.kz>. С бумажной версией документов и дополнительную информацию, выносимых на общественные слушания, можно по предварительному запросу по телефону: +7 705 748 8200 и электронной почте: Irinalug@yandex.ru.

Замечания и предложения по проектной документации и опубликованному протоколу общественных слушаний принимаются в письменной или электронной форме на сайте: <http://ndbecology.gov.kz>. не позднее чем за 3 рабочих дня до даты проведения общественных слушаний.

Контактные данные уполномоченного органа в области охраны окружающей, e-mail: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

№403

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кен-Сары» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды: 2026 жылға арналған Арыстан кен орнындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативі жобасы; 2026 жылға арналған «Нормативті рұқсат етілген тогінділер» «НРТ» жобасы; «Мұнай және Газ Өндіру (МжГӨ) қоймасы, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Арыстан кен орны» ҚОҚБ; «Арыстан кен орнының қабат қысымын ұстап тұру жүйесін кеңейту. І кезең» ҚОҚБ; «Арыстан кен орнының №66 ұңғымасын жанғырту» (Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы) ҚОҚБ; 2026 жылға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», 2026 жылға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 44° 45' 10", 44° 45' 28", 44° 45' 23", ШБ 54° 05' 43", 54° 06' 25", 54° 08' 40".

Тыңдаулар 2025 жылғы 30 қазан сағат 15:00-те өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайөтес, мәдениет үйі **ЗООМ платформасы:** <https://us05web.zoom.us/j/89540193392?pwd=2p6jQ3CoUAAa0ZTrXJo0trmag1rhB.1>

Идентификатор конференции: 895 4019 3392

Кіру коды: Fwn8aw

Түгіншуы: «Кен-Сары» ЖШС, Ақтау қаласы, 17-ш/а, 39-ғимарат, тел:8(7292)202021. БСН 010740000600

Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ., 17-20, 21кенсе, тел: 87014848005. БСН 010740010777

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Кен-Сары» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ на 2026 год; Проект «Нормативов допустимых сбросов» НДС на 2026 год; РООС «Склад Добыча Нефти и Гаса (ДНИГ), Мангистауская область, Мангистауский район месторождение Арыстановское»; РООС «Расширение системы поддержания пластового давления месторождения Арыстановское. I этап»; РООС «Модернизация скважины №66 месторождения Арыстановское» (Мангистауская область, Мангистауский район); «Программа управления отходами на 2026г.», «Программа производственного экологического контроля на 2026 г.», «План природоохранных мероприятий»

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: СШ44°45'10»,44°45'28», 44°45'23», ВД54°05'43»,54°06'25»,54°08'40».

Слушания состоятся: 30 октября 2025 года в 15:00 часов.

Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/89540193392?pwd=2p6jQ3CoUAAa0ZTrXJo0trmag1rhB.1>

Идентификатор конференции: 895 4019 3392

Код доступа: Fwn8aw

Заказчик: ТОО «Кен-Сары», г. Ақтау, 17 мкр., зд. 39, тел:8(7292)202021. БИН 010740000600

Разработчик: ТОО «Construction NS», г.Ақтау, 17-20, офис 21, тел: 87014848005. БИН 010740010777

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№391